



БЕКЗТЕМЗН
ҚР ДСМ ҚР ҰФҒО директоры
М.М. Аденов
« 05 » қаңтар 2022 ж.

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

ҚР ДСМ «ҚР Ұлттық фтизиопульмонология ғылыми орталығы» ШЖҚ
РМК

Алматы, 2020 ж.



1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 ҚР ДСМ Ұлттық фтизиопульмонология ғылыми орталығының (бұдан әрі - Орталық) Ғылыми кеңесінің қызметін ұйымдастыру тәртібі туралы Осы Ереже Ғылыми кеңестің құрылуы мен қызметінің тәртібін регламенттейтін негізгі құжат болып табылады.

Ғылыми Кеңес туралы ереже Ғылыми кеңестің құрылымын, өкілеттіктерін және жұмысын ұйымдастыруды белгілейді.

Орталықтың Жарғысына сәйкес ғылыми кеңес орталықтың ғылыми және білім беру қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асыратын сайланбалы өкілді орган болып табылады.

Ғылыми кеңес өз қызметінде ғылым және жоғары кәсіптік білім саласындағы ҚР нормативтік-құқықтық актілерін, Орталықтың жарғысын және осы Ережені басшылыққа алады.

Бұл ережені Ғылыми Кеңес қабылдайды және өзгертеді.

Ғылыми кеңестің шешімдері қызметкерлер мен білім алушылардың назарына жеткізіледі және орындау үшін міндетті болып табылады.

2. ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСТІҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1 Орталықтың ғылыми кеңесі институтта негізгі ғылыми, ғылыми-ұйымдастырушылық және кадрлық мәселелерді қарау үшін құрылады.

2.2 Ғылыми кеңестің қызметі орталықтың Жарғысына және осы Ережеге сәйкес жүзеге асырылады.

3. ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСТІҢ ҚҰРАМЫ

3.1 Құрылатын Ғылыми кеңес мүшелерінің санын қазіргі ғылыми кеңес айқындайды.

3.2 Ғылыми кеңестің құрамына:

- Ғылыми кеңестің төрағасы болып табылатын орталық директоры (директордың міндетін атқарушы);

- Ғылыми кеңес төрағасының орынбасары болып табылатын стратегиялық және ғылыми даму орталығы директорының орынбасары



- Ғылыми кеңестің ғылыми хатшысы болып табылатын орталықтың ғылыми хатшысы;

- ғылыми дәрежесі және/немесе ғылыми атағы бар Орталық қызметкерлері (келісім бойынша);

- сайлау рәсімінен өткен институттың жетекші ғалымдары (келісім бойынша);

- Ғылыми кеңестің құрамына орталықта жұмыс істемейтін ғалымдар енгізілуі мүмкін (келісім бойынша).

4. ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ТӘРТІБІ

4.1 Орталықтың құрылған ғылыми кеңесіне сайлауды ұйымдастырушы қазіргі ғылыми кеңес болып табылады;

4.2 Ғылыми кеңестің сайланатын бөлігі ғылыми дәрежесі және/немесе ғылыми атағы бар орталықтың жетекші ғалымдары қатарынан қалыптастырылады;

4.3 Ғылыми кеңестің құрамы ғылыми кеңес мүшелерінің бастамасымен қажеттілігіне қарай жаңартылуы мүмкін;

5. ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСТІҢ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ

5.1 Ғылыми кеңес, егер отырысқа оның құрамының жартысынан көбі қатысса, шешім қабылдауға құқылы;

5.2 Ғылыми кеңестің шешімдері Ғылыми кеңестің қатысып отырған мүшелері санының жай көпшілік даусымен қабылданады;

5.3 Ғылыми кеңестің шешімдері хаттамаланады және ғылыми кеңес төрағасының қолымен куәландырылады;

5.4 Отырыстардың хаттамалары мен оларға қосымшалар жыл бойы орталықтың ғылыми хатшысында жыл бойы сақталады. Бір жыл өткеннен кейін хаттамалардың данасы Орталықтың мұрағатына тапсырылады.

6. ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСТІҢ ФУНКЦИЯЛАРЫ



6.1 Орталықтың ғылыми зерттеулерінің негізгі бағыттарын әзірлейді. Орталықтың стратегиялық, ғылыми қызметі жөніндегі жоспарды, орталықтың ғылыми жұмыстарының жыл сайынғы жоспарларын әзірлейді және бекітеді.

6.2 Кейіннен директордың бекітуі үшін орталықтың құрылымын қарайды. Орталықтың ғылыми бөлімшелерін құру және қайта құру мәселелерін қарастырады.

6.3 Ғылыми кадрларды даярлау, халықаралық ғылыми ынтымақтастық, кеңестер мен конференциялар жоспарларын, сондай-ақ басқа да жоспарларды қарайды.

6.4 Орталық директорының және құрылымдық ғылыми және ғылыми-білім беру бөлімшелері басшыларының ғылыми-зерттеу жұмысы мен білім беру қызметінің нәтижелері туралы есептерін талқылайды.

6.5 Орталықтың жылдық есебіне ұсыну үшін Орталықтың құрылымдық ғылыми және ғылыми-білім беру бөлімшелері қызметінің маңызды нәтижелерін талқылайды және бекітеді.

6.6 Орталық директорының (директордың орынбасарларының) ғылыми-ұйымдастырушылық және қаржы-шаруашылық қызметі туралы ақпаратын тыңдайды.

6.7 Ғылымды дамытудың өзекті мәселелерін талқылау, ғылыми баяндамалар мен хабарламаларды тыңдау.

6.8 Орталық қызметкерлерін, сондай-ақ олар жасаған ғылыми еңбектерін және өзге де жетістіктерін отандық және халықаралық наградалар мен сыйлықтар алуға ұсынады, Орталық қызметкерлерін ғылыми және құрметті атақтар беруге ұсынады.

6.9 Орталық құрған басылымдардың бас редакторларын сайлайды және Орталық директорының ұсынысы бойынша редакциялық алқалардың құрамын бекітеді.

6.10 Орталықтың және оның ғылыми бөлімшелерінің ғылыми қызметінің тиімділігін және ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін бағалайды.

6.11 Ғылыми кадрларды даярлау мәселелерін қарайды;



6.12 Магистрлік және PhD диссертацияларының тақырыптарын бекітеді;

6.13 Диссертациялық жұмыстардың орындалу барысын бақылайды;

6.14 Монографиялар, оқулықтар, жинақтар және басқа да басылымдарды шығару жоспарларын, өтінімдерін талқылайды;

6.15 Қазақстан Республикасының заңнамасымен өз құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелерді қарайды.

7. ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСТІҢ ЖҰМЫС РЕЖИМІ

7.1 Орталықтың ғылыми кеңесінің отырыстары тоқсанына 1 рет ұйымдастырылады.

7.2 Қажет болған жағдайда Ғылыми кеңестің отырыстары тоқсанына 1 реттен артық ұйымдастырылуы мүмкін.

8. ҚОСЫМША ЕРЕЖЕЛЕР

8.1 Орталықтың ғылыми кеңесінің шешімімен Орталықтың бөлімшелеріне мынадай өкілеттіктер берілуі мүмкін:

- бөлімшенің ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелері туралы есептерін және шаруашылық қызмет туралы есептерін талқылау және бекіту;
- ғылыми еңбектер, өнертабыстар және бөлімше қызметкерлерінің өзге де жетістіктері орталығының Ғылыми кеңесінде қарауға атаулы медальдар мен сыйлықтар алуға ұсыну;
- бөлімше қызметкерлерін ғылыми және құрметті атақтар беруге ұсыну; диссертацияларды қорғауға ұсыну және есептерді тыңдау.



Келісу парағы

Лауазымы	Қолы	Аты жөні
Өзірленді:		
Директордың клиникалық және ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасары		Ералиева Л.Т.
Келісілді:		
Директор		Аденов М.М.
Құқықтық және кадрлық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы		Жайсанова Л.Ж.
Юриисконсулт		Шокабаева А.О.